

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 16/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 наурызда № 27262 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 21 ақпандағы № 11/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 21.02.2025 № 11 /01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 06/01 " Мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстарын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6170 болып тіркелген);

2) Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 25/01 " Мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстарын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 06/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6310 болып тіркелген).

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1-тармағы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 22.12.2023 № 94/03 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

Қарағанды облысы әкімдігінің
2022 жылғы 17 наурыздағы
№ 16/01 қаулысына
2- қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 22.12.2023 № 94/03 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Елді мекен	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері					
	Тәрбиеленушілер саны	Бір айда бір тәрбиеленушіні қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативі (теңге)			Жарты күн болатын шағын орталықтар, жалпы білім беретін мектеп жанындағы мектепалды даярлық сыныптары	Түзету топтары
	10,5 сағаттық болу режимі бар топтар	9 сағаттық болу режимі бар топтар				
Ауыл	6 876	60 747	55 728	26 792	111 104	91 999
Қала	32 457	54 506	50 181	24 018	98 103	81 598
Барлығы	39 333					
Радиация аймағындағы өңірлер үшін						
Ауыл	82	62 740	57 501	27 637	115 258	95 323
Қала		56 500	51 954	24 864	102 257	84 922
Барлығы	82					

Қарағанды облысы әкімдігінің
2022 жылғы 17 наурыздағы
№ 16/01 қаулысына
2- қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 22.12.2023 № 94/03 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)				
	Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері				
	Тәрбиеленушілер саны	Балабақша/ бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Толық күнді шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	9 сағаттық жұмыс режимі бар мектепке дейінгі ұйым (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)
Абай ауданы	2 169	13 500/14 500	11 500/12 500	13 500/14 500	
Ақтоғай ауданы	482	14 000/16 000	8 000/8 500		
Балқаш қаласы	2 908	17 584/23 093	17 584/23 093	17 584/23 093	
Бұқар жырау ауданы	1 639	14 000/15 000	14 000/15 000	14 000/15 000	
Қарағанды қаласы	17 923	19 000/20 000	19 000/20 000	19 000/20 000	
Қарқаралы ауданы	1 048	14 000/15 000	7 000/8 000	14 000/15 000	
Нұра ауданы	865	16 000/16 500	11 000/11 500		
Осакаров ауданы	1 006	11 440/14 500	11 440/14 500		
Приозерск қаласы	484	15 500/16 500	15 500/16 500		
Саран қаласы	1 547	13 000/16 000	13 000/16 000	13 000/16 000	
Теміртау қаласы	5 786	17 000/18 000	17 000/18 000	17 000/18 000	
Шахтинск қаласы	2 237	16 000/17 000	16 000/17 000	16 000/17 000	
Шет ауданы	1 321	15 500/16 500	15 500/16 500	15 500/16 500	
Барлығы	39 415				